

Алпысбай МҰСАЕВ

Тарази

тәгілдімді

1 2009
18601к



FOLIANT

Алпысбай МҰСАЕВ

Тарази

тәгілдімді

Монография



«Фолиант» баспасы
Астана-2009

УДК 821.0

ББК 83.3 (5 Каз)

М 85

Пікір жазған:

С. Мақпышов – Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің профессоры

М 85 Мұсаев Алпысбай.

Тарази тағылымы. Монография. – Астана: Фолиант, 2009. – 120 б.

ISBN 9965-35-800-1

Бұл еңбекте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы-драматург Экім Таразидің қаламгерлік бітім-болмысы, кейіпкерлерінің өзіне тән коркемдік ерекшеліктері, шығармашылығындағы сатиравық сарын зерттеу көзі ретінде арнайы қарастырылып отыр.

Зерттеу еңбек әдебиетші ғалымдарға, аспиранттар мен магистранттарға, филология факультетінің студенттеріне және қалың әдебиетсүйер оқырман қауымға арналған.

М 4603020000
00 (05)-09

УДК 821.0
ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 9965-35-800-1

© Мұсаев А., 2009

© «Фолиант» баспасы, 2009

ЕРКІН ОЙЛЫ ҚАЛАМГЕР

Қазақ жазыу өнеріне алпысынышы жылдары келгендер – қазақ әдебиетін шырқау биікке көтеріп кетті. Олар – мейлі поэзия болсын, проза болсын, драматургия не сын-әдебиеттану ғылымы болсын, өздерінің жасаңашылдық дәстүрімен, суреткерлік нақышымен келіп, рухани дүниемізге мол олжаса салғандар. Осы бір тегеурінді толқынның ішінде шығармашылығын айтпаса болмайтын бір талантты қаламгер бар. Ол – жазушы-драматург Әкім Тарази.

Сонау бір зобалаң жылдарында дүниеге келіп, балалық балдаурен шағы Ұлы Отан соғысының зұлмат жылдарына тап келген, ел мұңын, уақыт сырын нәзік жсанымен үғып қолына қалам алған жасас жеткіншек қай уақытта да оқырман көңілінен шығып, халық жүргегіне жол таба білді. Қай жсанрға қалам тартса да өз тұстастарына үқсамауға тырысты, өмір шындығын өзінше бейнелеп, замандастарының құлы-құлы бейнелерін жасап, олардың ішкі жсан дүние-сін, тұрмыс-тіршілігін, жақсылығы мен жамандығын шығармаларына арқау етті.

Ол еш уақытта да көпсөзділікке ұрынған жоқ. Әдебиетке оқиға тығыздығы, аз сөзбен көп мағына білдіру, мінез-құлықтары тосын, тіршілік әрекеттері ерекше кейінкерлермен келген қаламгер. Жазушының әңгіме-повестерінде, драмаларында, романдарында өткен ғасырдың 60-90 жылдарындағы өмір шындығы, сол кездегі халық психологиясы, уақыт сыры терең көркемдік шешімін тапқан. Жазушының осы ерекшелігін жіті аңғарған белгілі қаламгер Баққожа Мұқай: «Кешегі тоқырау заманының басты дерпті – рухани азғындау, қоғамның мазмұнына айналған тоғышарлық тірлік, менің байқауымша, әсіресе, Әкім Тарази шығармаларынан айқын да анық көрінеді», – деген еді [1.358] Шындығында да, оның шығарма-

шыныңында басты ерекшеліктің бірі – ондағы әлеуметтік сарының басымдығын, қоғамның әлеуметтік психологиясының барлық қырынан көрінеттін айтуға болар еді. Тогыштардың тірлік, рухани азғындау сияқты әлеуметтік құбылыстардың психологиясын жсан-жасақты ашып, мәні, маңызды зор көркемдік қорытындыларға бара білген бірегей қаладыгер де Әкім Тарази.

Кандай талантты жазушы болмасын өзінің шығармашылық осу жолында еліктеу, ізденіс соқпақтарына соқпай отисіді. Ә. Тарази де орыстың классикалық әдебиеттерінен көп үйренгені, одан алған илгі ықпал, ізгі әсері байқалады. Айттаңық, жазушы қолтаңбасынан М. Горький мен А. Чехов, тоғы әдебиетіміздегі Б. Майлин мен F. Мусіреповтің шынышыл қаламының сарының байқаймыз.

Жазушының қоғамдық өмірдегі әлеуметтік құбылыстардың астарына терең барлау жасаған тосын мінезді драматық шығармалары тек қазақ сахнасының ғана емес, басқа жүргіттың да сахна өнерінің шырайын кіргізді. Әлеуметтік салмағы ауыр, көркемдік қуаты кенен драмалары сонау аттысыншы жылдардың ортасынан бері сахна мен қалың корерменнің рухани қажеттің өтеуде. Ал «Асая Бөкен», «Күлмейтін комедия», «Жақсы кісі» пьесалары уақытынан ғылыми жазылған дүниелер еді. Сондықтан да олар кезінде бірекі реттін қойылып, театрлар репертуарынан түсін қалды. Бұлардың өте маңызды туындылар екенін уақыттың өзі дәлелдей отыр. Драматург-жазушының «Хан Тәңірі», «Қызы махаббаты», «Ол менің тағдырым», «Қадіріңді білменнін-ау, арысым» сияқты дарамалық шығармалары әдеби қауым мен театр сахнасынан өзінің лайықты бағасын алған. Жазушының соғы жылдар бедерінде жазған «Лайнер», «Індем немесе жаңа адам жасаймыз» драмалары да айттар ойы терең, зерделі корерменін бей-жай қалдырмайтын дүниелер.

Ә. Таразидің қазақ кино өнеріне қосқан үлесі бір төбе. Ол озғалына бөлек әңгіменің арқауы. Қазақтың алғашқы кәсіби кинодарларынан бірі реттінде үлттық кинематография орталығының жұмысын жолға қойып «Арман-атаман»,

«Тұлпардың ізі» кинофильмдерін түсіріп, «Караи-Караи оқиғасы» фильмін жасауға қатысты.

Улкен-улкен қызметтер істеп, уақытының көбін қоғамдық, мемлекеттік жұмыстарға арнаған жазушы, жалпы шығармашылық өмірінде аз дүние тұдырған жоқ. Жанды драмалары мен мәнді хикаяттарын былай қойғанның өзінде, соңғы жылдары «Бұлтқа салған ұясын» (кейінгі аты «Тасжарған»), «Кен», «Жаңбырлы түндер», «Корқау жүлдyz», «Жаза», «Москва – Баласаз» сияқты қатпарлы да кемел ойлы романдар жазды. Бұл шығармаларында қоғамдық өмірдегі әлеуметтік құбылыстардың сырына терең бойлаған тарпаң мінезді соны кейінкерлер сомдады. Жазушы романдары кең тынысты қазақ прозасының шырайын кіргізіп қана қоймай, оған көптеген стильдік, жанрлық, тақырыптық жаңалықтар қости.

Ә. Таразидің суреткерлік сырды жан-жасақты ашылып, түбегейлі зерттелмесе де оның шығармашылығы туралы мерзімді баспасөзде, ғылыми-монографиялық еңбектерде орынды айтылып та жүр. Біз «Поэтика казахской сатиры (1997), «Жанды жүйе» (2001) атты кітаптарымызда жазушы шығармашылығының әлеуметтік сарыны, астарлы сатирасы хақында біршама сөз еттік. Газет-журнал беттерінде гуманист жазушының қаламгерлік қарымы, шығармашылық табысы жайында түшымды дүниелер жарық көріп те келеді. Олардың қатарында А. Сейдімбектің «Арманның ақ желкені», Б. Мұқайдың «Жұлдыз-тагдыр», Г. Пірәлиеваның «Ә. Тарази романдағы көркемдік әлем», М. Исакованың «Аким Тарази – бунтарь своей эпохи», В. Бадиковтың «Писатель – оппонент любой власти» мақалалары мен жазбаларын айтқан жөн. Мұның бәрі, әрине, Ә. Тарази секілді заман шындығын барынша толғап, адам жасының терең құпиясын барынша айта білген сарабдал суреткерге деген зор құрмет пен ерекше ілтипат деп түсінген жөн.

ІЗДЕНІС ЖОЛЫНДА

Әкім Тарази 1933 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында, бұрынғы мұғалім, мектеп директоры, сол кездеңі ғеміржол мекемелерін жабдықтайдын қойма менгерушісі қызметінде жүрген Үртай Әшімовтің жанұясында дүниеге келген. Кейін Жамбыл облысының Шу ауданына коныс аударып, балалық шағы сол жерде өтеді. Орта мектепті қазіргі Рысқұлов ауданындағы Жанатұрмыс ауылында бітіріп, ҚазПИ-дің филология факультетіне окуға түседі. Жоғарғы оку орнын бітіргеннен кейін сол Шу ауданында ауылдық мектептің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Жас үстаздың ауылда өткен бір-екі жылдық қызметінің кейінгі шығармашылық ізденісіне тиғізген иті ықпалы да үшан-теңіз. Оны жазушының өзі де мойынданап, ризашылықпен еске алады.

Ә. Тарази 1956-1958 жылдары «Ара» журналында әдеби қызметкер, 1958-1959 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде жауапты хатшы, 1962-1970 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында редакцияның алқа мүшесі, бас редактор, ал 1970-1971 жылдары «Литературная газетаның» (Мәскеу) Қазақстан Республикасы бойынша меншікті тілшісі, 1971-1980 жылдары Қазақстан Кинематографистер одағы баскармасының бірінші хатшысы, 1986-1998 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметтерін атқарған.

Арадағы шығармашылық үзілістерден кейін, ол қазір Қазақстан Жазушылар одағының Астанадағы филиалының директоры қызметінде.

Әкімнің алғашқы шығармасы 1964 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Құйрықты жұлдыз» повесі болатын. Алғашқы туындысының өзімен-ақ қазақ әдебиетіне сабырмен, сеніммен келген суреткер екенін анықтапкан сияқты. Жазушының ен алдымен таптаурын, шынырлы сүрлеуден бойын аулақ ұстағаны, тақырып танлауданы талғампаздығы, уақыт тынысын тап басып типтік характерлер жасаудағы ізденістері бірден көзге үрған еді.

Міне, осы қасиеттер Тарази шығармашылығында төрнедеп, дамып, кейін жазушы стиліне айналғанының күесіміз. Оның осы повестегі Сәнжан, Кірпішбай мен Еркебұланы окушы қауымды елен еткізген жана бейнелер еді. Шығармадағы оқиға басқа, кейіпкерлер бөлек, тартыс табиғаты өзгеше. Алайда, жазушы ұсынатын мораль, көркем концепция біреу. Ол – әділеттің қаскөй дүшпаны тоғышарлықпен құрес. Бұл ұстаным кейін оның жазушылық кредитосына айналды.

Жазушының шығармашылық жолының алғашкы кезеңінде дүниеге келген «Сусамыр», «Келін», «Қызы Жібек», «Кәке», «Бөтен», «Саяал», «Ай астында айдала» әнгімеліхикаяларының өзімен-ақ ешкімге ұқсамайтын колтанбасын байқатып, өмірге деген, коршаған ортасына деген өз өкімін айта алды. «Келін» әнгімесіндегі Жаухаз, «Кәкедегі» Кірпішбай, «Қызы Жібектегі» Жібек, «Бөтендегі» Сәнжан, «Саяалдағы» Сұлтан, «Ай астында айдаладағы» бұқа көз Абақ бейнелері – алуан түрлі әрекет қылышымен, бітім-болмысымен нақтылы өмір шындығындағы прототиптерін көз алдыңа келтіреді. Өмірден көрін түйгенді өнер туындысына айналдыру онай шаруа емес, ол үлкен шеберлікті талап етеді. Э. Таразидің суреткерлік поэтикасында жазушының шығармалары әдеби көркем дүние емес, өмір құбылыстарының ретті-ретсіз көріністеріндегі әсер беретіні рас. Автор өмір ағысын қақпаланқайырмайды, ол барша болмысымен көз алдында өтіп жатады. Шығарма оқылып біткеннен кейін көңілге түйгендерін, танып-білгендерін сананда жанғырып, эмоциялық әсері мол, логикасы мықты, айтары айқын көркем шығарма ретінде жүрекке орнығады.

«**Улкен ауыл**» – жазушының екінші кітабы. Бұл шағын повесть жас қаламгердің болашақ мүмкіндігінен толық хабар бергендей. Жас ұстаз Мирастың үлкен өмірдегі алғашкы қадамының басталуы, қоғамдық тірлікпен бетпебет келуі, ізденуі, сүрінуі, дұрыстыққа, пәктікке ұмтылуы қамтылады. Повесть мынадай сөйлемдермен бас-

ғалады: «Қаз бауыр бұлттар қалқып тұр. Төмен асты тептегіс. Қалақпен сылап өткендей. Жота-жалы дудырап кеткен. Аппак. Экстаға енген ақ шашты дирижердің кейіпі. Аспан тап-таза. Ай бар. Топ-толық. Бұлт-бұлттың арасымен батыс қайдасың деп безіп барады» [2.3] немесе «Ай астында ақ шатырлы ақ лагерь. Қамыс төбелі үш үй. Араптары оқшау-оқшау. Әрқайсысының алдында состиған-состиған бес-алты терек» [2.3]. Бұл, әрине, Әкімге тән телеграфтық стиль. Бір сөйлемі кітаптың бір не бір жарым бетіне жетіп жығылатын Оралханның не Әбіштің шығармаларымен ауызданған оқырман үшін тосын көрінетіні де рас. Кезінде «тілі тым жұтан екен, оқиғалары сенімсіздеу емес пе?» деген сынаржак пікірлер болды да. Бұл, әрине, кобіне-көп әшекейлі, әдемі сөздермен суарылған, риторикалық, лирикалық сарындағы философиялық, психологиялық астарлы ойларға құрылған кітаптарды көп оқыған оқырман үшін түсінікті де. Бұл бір қарағандағы жағдай. Шығарма жанына теренірек үңілсек, әлгі маңына жақыннатпай тұрған сыртқы стильдік телеграфтық мәнердің астарында катпар-катпар құпия, терен іріміне тарткан ойларға сүйреп, ой тасқынына ұласады.

Повесте жас педагог Миастың бір ауысымдағы пионер лагеріндегі қызметі мен орта мектептегі бір оқу жыныстағы қызметі баяндалады. Жаны таза, жүргі шығармашылық ойларға толы тынымсыз жастың биік мақсаттарға талпынысы мен сол жолдағы сүрінуі мен өткелектері шынышыл да мағыналы бағытта көрініс тапқан. Жас жазушының шеберлігі сол, шағын ұжым – жазғы пионер лагерінің өмірінен ой түйіп, кейіпкерлерін үлкен өмір жолына, болашақ құрес жолына дайындағы бастайды. Шығармадағы Қашаубай, Мирас, Люда, Таня, Акжігіт, Оли Шұбар, Қамажайлар бедерлі бейнелер ретінде оқырман қеудесіне ұялағаны сөзсіз. Алыста қалған алпысыншы жылдардың тұрмыс-тірлігі, кескін-келбеті, рухани үмтұлысы қөлбей көз алдыннан өтіп жатады. Жалпы Әкім Тарази өзі тұрғылас кейір жазушылардай еліктеу мектебінде ұзақ оқыған жок. Ол әдебиет айдынына үлкен

дайындықпен, зор сеніммен нық басып келді. Ол өзінің тақырыбымен, тосын мінезді кейіпкерлерімен, тіршілік ығына онша бой ұсына бермейтін пікірлерімен келген қаламгер.

Жалпы Ә. Таразидің қаламгерлік принципіне сатиralық форма онтайлы. Оның шығармаларының басты кейіпкерлері және кейіпкерлердің басым қөпшілігі сатиralық болып келетіні сондыктан шығар, бәлкім. Ол кешегі тоқырау жылдарының өзінде өз түрғыластарынан бұрынырак кірісіп, қоғамымызда етек алып келе жатқан ескі мерездерді – дүниеконыздық, мансапқорлық, екіжүзділік, бюрократтықты қатты сынға алып, аяусыз құрес жүргізді. Ол осы кезеңде айтуға тыйым салған жағдайларды да терен суреткерлік зерделілікпен көре білді, оқырманына жеткізіп айта білді.

Ә. Тарази шығармашылығын окушысымен тығыз ұштастыратын бірден бір ерекшелік – ол ешкімге ақыл айтпайды. Ешкімді тұзу жолға түсуге үгіттемейді. Жазушының мұраты – адамдар арасындағы қарапайым қатынастар сырын ашу, құнделікті көріп жүрген шындық құдіретін шеберлікпен зерттеу. Оның «Қиян соқпақ» кітабындағы Сәнжан, Аяз, Қодарқұлдар данышпан да емес, періштеде емес және жасанды да емес, жанды бейнелер. Бұғінгі қайнаған өміріміздің өз қаһармандары – өз замандастармызы. Жазушы шығармашылығында көрініс беретін пысық пен паракор, арызкой мен жалақор да өмірдегі өз орындарына психологиялық дәріппен ие болды. Шығармадағы кездесетін сатиralық бейнелер – Ораз бен Пірәлі, Кірпішбай пен Еркебұлан, Сасан өздерінің құнделікті іс-әрекеттері, өмір сүру принциптері арқылы реалистік планда көріне алған. Жазушының суреткерлік биік идеясы – тоғышарлық пен бойқүйездікке, рухани кемтарлық пен меніреу безбүректікке қарсы шығу.

«Аяз бен Бибі» повесінде жастардың алғашқы енбек жолы, рухани өсіуі мен біртіндеп азаматтық биікке көтөрлөуі әнгіме болады. Ширақ динамика, шымыр деталь, жанды диалогтар кейіпкер табиғатын ашуға өте ұтымды колданылған. Бұрын көбінесе өмірдегі, адам санасындағы

теріс қылықтарды сынаған астарлы ирония мамыражай юморды бейне жасауға шебер пайдаланудан байқалады. Басты кейіпкер Аяз бен Бибі – көзі ашық, көкірегі ояу жана ұрпак өкілдері. Өмірге жаңа ғана араласқан адамдар арасындағы болатын құлық-сұмдықтан хабарсыз. Аяз бейнесі ерекше есте қалады. Аяздың жан дүниесінің тазалығын мына бір жолдардан-ақ айқын аңғаруға болады. Отарына келіп қосылып кеткен бес саулық Аязды үлкен әуреге салады. «Енді тағы құбірлесті, тағы дөңбекшіді.

- Енді бұл бесеуді қайтеміз?
- Бір сорлы санын соғып қалады ғой.
- Мойнына мінеді ғой.
- Біз үрлап алғандай.
- Табу керек иесін, қайтарып беру керек.

Ертеніне қойды Бибі өргізді. Аяз атқа қонды. Қойдың иесін табуға бел байлады...» [3.22].

Бірақ Аяздың бұл ізгі ниеті айналасындағы адамдардан қолдау таппайды. Көбі оның бұл ниетін балалық деп санаса, кейбіреулері өзі келіп тұрған олжадан бас тартқан Аяздың бұл әрекетін ақымақтық деп айыптаиды. Осы арада Аяздың жан дүниесіне алғаш рет сызат түседі. Өзінің алғашқы ізгі ниетіне қолдау таба алмаған Аяз өмір құбылыстарына басқаша көзқараспен карай бастайды. Алғашында өзін туыс деп жақсы қарсы алған Ораз бен Пірәлі әрекеттеріне сын көзбен қарайды. «Герой» ататын алу үшін өз төлін совхоз малына қосып жүрген Ораз әрекетін әшкерелейді.

Ораз бейнесін автор астарлы келекемен береді. Болашақ «геройдың» малын көмекшісі Бата бағады, ал Ораз машина мініп қыдырып жүреді. Өз дегеніне көнгісі келмеген Аязды Ораз колхоз бастығы Пірәлі арқылы көніруге тырысады. Қазак ауылдарында әлі де болса кездесіп отыратын дерпт – рушылдық, жершілдік, ағайыннылдық сиякты әдеттерді Аязға ақыл қылып айтЫП отырған Пірәлінің мына сөздерінен байқаймыз:

«...Дұрыс болса сол, – деді Пірәлі жамbastap, ынғайлап жатып алышп, – жас жігітсін, Аязжан, болашағын алда. Аян-

бай еңбек етсендер келін екеуіннің бағын жанады ғой әлі. Сені мен мына екі ағайынның қасына әдейі қондырғам. Бір-біреуіне сүйеу болсын деп, анау Ақжанқа болсын, мына Ораз болсын, саған білгенін үйретсін, тәй-тәй басқан кезінде демеп жіберсін деп, ауызбірлігін мықты болса – жетпейтін ештеңе жок. Байлық та сендерде, абырай-atak та сендерде. Мына Әблі де өз ағайынымыз, бұл да жақсы біледі, көре алмаған көп дүшпанға таба болып, масқара болып қалмандар. Осы жағына сақ болсандар! – Пірәлі, Аязға қадала қарап отырып айтты бұл сөздерді» [3.37]. Аяз бұдан кейін Ораз, Пірәлілерге қарсы құрес жолына нақты, айқын мақсат қойып түседі. Аяздың той жасауы, құлышынысы, сілкінісі, өзін-өзі қайрауы – жас қанағарманының өсуін, толысуын байқатады, повестің идеялық көркемдік денгейін биіктеді.

Ә. Таразидің шығармаларында жағымды кейіпкердің міндеттін күлкі аткарады. Күлкі – жазушы туындыларында ерекше қуатты күш алып, барлық келіссіздік пен келенсіздік атаулыға мысқылды қарап, авторлық позициясымен қоса өрлең отырады. Авторлық күлкі рендері сан түрлі болғанымен одан мейірбан, зілсіз құлқіні аз ұшыратамыз, жазушы қүлкісі негізінен қоғамымызда пайда болған тоғышарлық психология мен оның түрлеріне қарсы бағытталған. Ә. Тарази қүлкісі тоғышарлық психологияға қарсы құресте әрі қуатты, әрі жарқырап көрінеді.

«**Қос шынар**» повесінде де адамгершілік-моральдық проблемалар сөз болады және тоғышарлық, мансапқорлық сыналады. Повесть бір қарағанда женіл, онай оқылатын сияқты болып көрінгенмен, бай қиялға, өмір материалдарына толы және биік профессионалдық денгейде жазылған. Повесте тартыс мен мұндалап көрініп тұрмайды. Себебі, жазушы жасанды тартыстан іргесін аулақ салған. Негізгі тартыс Сәнжан, Қодарқұл, Кірпішбай, Еркебұлан арасында өткенмен, олар бір-бірімен жұз шайыспайды. Тартыска олардың күнделікті іс-әрекеттері, өмір сұру принциптерінің өзі-ак алып келеді. Ашы мысқыл, женіл юмор, терен сарказммен, трагедиямен астасын жаткан өмір шындығы шығармаға ерекше қасиет дарытқандай.

Автор кейіпкерлер бойына бірден барлық жүгін аркала-та салмай, жанды штрих, детальдарды ә дегеннен-ақ там-тұмдап сыналайды. Әділдік үшін күресушілер – Қодарқұл мен Сәнжан.

Сәнжан бейнесі өзінің ерекше әрекеттерімен ерекше-ленеді. Қөптеген жылдар бойы туған ауылынан жыракта жүрген ғалым жігіттің іс-әрекеттері, мінезі тосын болып корінеді. Сәнжан Еркебұлан үйінен жиналған адамдардың ішкі жан дүниесін бірден таниды.

Егер автор «Аяз бер Бибі» повесінде қобінесе зілсіз жеңіл юморды көп колданған болса, ал мына повесінде азы мысыыл, улы келекені мол пайдаланған, Еркебұлан үйіне жиналған ауыл активін суреттеудегі мысыыл қандай?

«Жұрт сөйлей, жамырай отырып ішіспін алды. Әнгіме жағында қоймады. Жұрт қызатын емес. Әркім өзінің кім екендігін шығармай, сыр бермей күтініп отыр» [3.72].

Қандай адамдардың ортасына түскенін бірден анғарған Сәнжан, Әубәкір, Еркебұлан, Кірпішбайлардың шыныайы бетпердесін ашады. Осы шығармадағы Кірпішбай бейнесі өзінің даралығымен есте қалады. Автор Кірпішбайды осындай, не мынадай деп тәптіштеп баяндан жатпайды. Оның кім екенін қимыл-әрекетінен, психологиялық көңіл құйінен-ақ танимыз.

«Ішің мен сыртын екіудай салмақ болса, ұстамдылық керек-ақ, – өзінің қасында отырған Кірпішбай деген жігітке қарап отырып Сәнжан осылай ойлады. – Өсіп келе жатқан жас жігіт болар, – деп ойлады. – Төрт түлігі сайї, көнілі жай шығар. Бұл жігіт өмірде бір рет те жанылып, жансақ басып көрмеген, сірә! Бұл жігіттің жүрер жолы айқын, барап жері және белгілі. Өзін-өзі ұстай білсе, Кірпішбай өспей, кім өссін?! Шашы да тік, маңдайы да тік, тік бұрылып, тік қозғалады. Ыржиып та күлмейді, қарқылдаң та күлмейді – езу жиып емеурін білдіреді. Тік жүріп, тік сөйлейді. «Ақшамды кассаға салдым, машина сатып алдым», – деп жымиып тұратын Кірпішбай сонын дөлөзі» [3.71]. Міне, бұған көп түсініктеменің қажеті жок.

Кірпішбай – әдебиетіміздегі тын сатиралық образ. Бір қарағанда ісінен ештеңе байқалмайтын, жып-жылмағай, біртога момын кісі болып көрінетін, бірақ жанына теренірек үңілсеніз, алыстан шым-шымдап арамдық ісі шығатын аса айлакер жан. Кірпішбайдың басты «ауруы» – лауазым. мансап, дәреже. Өз ортасымен қарым-қатынасында мін жок. ішімдікке салынбайды, сыпайы жүреді, таза киінеді. Бұл зытқырың мансап жолында өзінің әйелін де сатып жібереді. Еркебұлан бұл курортта жүргенде әйелі Бәтиканы айналдырып «махабbat маусымын» бастап кетеді. «... Кірпішбайдың демі тарылып, алқына бастады. Денесі жиырылып барып, бір-екі рет аяқтары серпіліп-серпіліп қалды да, бойы жазылып дел-сал боп қалды. Басы дынылдан, құлағы шуылдан кетті. Тұрмак еді, басын көтере алмады. Ана жақта не болып жатыр, тындарамақ еді, түк естілмеді.

Әзер тұрып, ақырын басып коридорға шықты. Ақырын басып келіп қонақ бөлменің есігін жұлқып ашты да, шамын жағып қалып еді. Екеуді полдағы кілем үстіне түсіп кеткен екен.

– Эй, бұларың не, иттер?! – деген сөзді қалай айтқаның өзі де білмейді» [4.24]. Осылайша әйелі мен «досын» қылмыс үстінде ұстап алса да, биік мансабынан айырылатын болған сон, үндемей жаба салған келісімпаздығын кайтерсін?

Кірпішбай – уақыттың өзгеруімен «тонын айналдырыған», моралімізге жат, қалыптасып келе жатқан тоғышарлардың жаңа типі.

Повесть басында өзімен-өзі жүретін Сәнжан біртіндеп әрекет бастайды. Ол Еркебұланың да ниетін түсініп, оған қарсы шығып отырады.

Сәнжанның іс-әрекеттері Еркебұланның келіншегі Перизатқа да үлкен ой салады. Өмірдің көп құбылыста-рына басқаша көз тастауға мәжбүр болады, бұрын ойға да келмеген нәрселер туралы ойландырады.

«Сіз жаңа айттынызғой, – деді Перизат, – әлгі жүлдіздар туралы. Сонда өзініз айтқандай жүлдіз бол жанатын адамдар мен Кірпішбайлардың арасында қандай айырма бар? Мысалы, осы өмірде оларды қалай ажыратуға болады?

Сәнжан мырс етіп құлгендей болды.

— Ажырату, әрине, киын, өте қиын, — деді ол. — Адамның сырт бейнесі алдамшы ғой. Сырт көзге жұрттың бәрі бірдей сиякты...» [3.126].

Кейін «жұлдыз боп жанатын адамдар» мен Кірпішбайдың арасындағы айырманы тапқандығын Перизаттын мына сөздерінен айқын көреміз.

«— Не жазығым бар еді? Не жазығым бар еді? — дейді. — Енді қайтемін, сорлы басым? Өл деймісің маған? Жуи алмаймын қасына. Енді қайтейін, сені көрсем Кірпішбайды коргендей боламын. Сен сөйлесен Кірпішбай сөйлеп отырғандай болады да тұрады. Өл деймісің маған? Үстінен Кірпішбайдың іісі шығады, — деп еніреп сөйлеп жатыр. Перизаттың бұл сөздерді қүйеуіне арнағанын қыздар сезіп отыр...» [3.133].

Ә. Таразидін алғашқы кітабында көрініп, кітаптан-кітапка көшіп келе жатқан тағы бір сатиравық кейіпкер — Еркебұлан. «Жас та болса бас» Еркебұлан — ферма менгерушісі. Астында «Волга», жанында сұлу келіншегі, патша сарайындаї мекен-жайы бар, жұмысы да бірқалыпты жүріп жатыр.

Қымыл-қозғалысында болған, толған адамның марғау, керенау қалпы байқалады. Адамға керекті нәрсенің бәрімен өзін қамтамасыз етіп алған. Ал, рухани дүние, адамгершілік, ізгілік, парасат жеткіліксіз екені қаперіне кіріп шықпайды. Қасындағы жас келіншегі Перизаттын қызызы жоқ жарқырауық тұрмыстан бұрыннан да құлазып жүргенін, камкөнділдігін анғармайды. Үлде мен бұлдеге орап қойсам, іс тынды деп ойлайды.

Сәнжан бейнесі повестін екінші бөлімінде солғын корінеді. Әділдік үшін қүрес алаңына Қодарқұл шығады. Сәнжан көбінесе Қодарқұлдың тасасында қалып қоя береді. Еркебұланның Сәнжанға айтқан мына сөздерінен Қодарқұлдың қандай адам екенін көреміз.

«Онбай кетіп еді, енді адам болып келеді. Қанша шыларын кім білсін?» [3.96] — деді. Мұғалім болып жүрген мектеп директорымен айтысыпты. Анау жеп қойған, ішіп қойған, Қодарқұл соны көрсеткен.

«...Жесе жеген шығар. Бұл күнде қолын Құран үстінен койып отырған кім бар? Тыныш жүр деп едік, тындармай-

ды. Ақыры не болды? Екі жыл жер ауып, Бетпақдала-дағы бір бастауыш мектепте істеп қайтты...» [3. 97].

Бұдан біз әділетсіздікке төзбейтін шыншыл, қызба Қодарқұл мен осы сөзді айтушы, ен алдымен бас пайда-сын ойлайтын Еркебұланның бетпердесін көреміз. Қодарқұлдың бойындағы парасат, ізгілік, әділдік анса-ған жүрегі оған тыныштық бермейді. Азапты жолға, ақиқат жолына сүйрей береді.

Осы жол оны мансапкор, отырған креслосын ғана ой-лайтын мектеп директоры Сасанмен тартысқа әкеледі. Мектептегі мұғалімдер Сасанның ынғайымен жүреді, ал Қодарқұл үнемі қарсы шығып отырады. Сасан бейнесін суреттегенде автор аңы мысқыл, келекені дәл колданады. Са-санның бас ойы – отырған орнына нық отыру. Басты қор-қатыны – Қодарқұл. Сондыктан да ол Қодарқұлдың үстінен әр түрлі арыз-шағымдар жазып, құтылмақшы болады.

«...Пенсияма үш жыл қалды. Өзім берем орнымды. Оған дейін үйрен! Үйрене түс». Сасанның шын ниеті осы. Үні де шыншыл естіледі. Шыны да сол, бірақ қаупі де мол. Мына жастар үш жылға шыдата ма? Қаулап келеді. Ең қауіптісі – Қодарқұл. Үш жылға шыдатпас. Шыдатса осы Қодарқұлға-ақ орнын берер еді, Сасан үш жылға...» [3.146].

Сасанның бүкіл болмысы осыдан-ақ ап-анық көрініп тұрған жоқ па? Аупарткомның жауапты қызметкері Кірпішбайға сүйеніп Сасан Қодарқұлды жөнге салма-шы болды. Бірақ «Қодарқұлға тән бір қасиет бар, ол шын күйінсе, не шын шабыттанса ғана шын өмір сүргендей болады, міnez-құлқын өткірлене, ойы ұшқындала түс-тін, зерде-санасы алғырлана түсетін...» [3.147].

Сасан, Кірпішбай, Еркебұландарға қарсы тартыста әрдайым Қодарқұлдың мерейі үстем болып отырады.

Өйткені, Қодарқұлды жастар, көпшілік қолдайды. Қодарқұл әуелі мектеп директоры, кейін колхоз бастығы болып сайланады. Сырт көзге суық, катал болып көрінетін Қодарқұлдың ішкі жан дүниесінде бүкіл адам-зат баласына деген ерекше маҳабbat бар еді. Еш нәрсені талғамай жұта беретін осы жолмен-ақ тасы өрге дома-

лайтын Кірпішбайдан Қодарқұлдың ерекшелігі де осында еді. Қодарқұл – қанатсыз Сәнжан. Сәнжанның ауылдағы түрі. Бұның да өзіне тән құресер объектісі, атқарап істері бар.

Жазушы, әсіресе, жағымсыз бейнелерді сомдауда сатирылық тәсілдерді шебер пайдаланады. Мансапкор, озімшіл Еркебұланды алып караңыз.

«...Осыдан үш жыл бұрын мұғалім Еркебұлан ферма менгерушілігіне сұранып өзі келгенде, өзінің іштей есебі бар-тын. Осы жолы Кірпішбай арқылы аудан басшыла-рына сөз салып, дәмелі уәде естіп отыр. Соңғы күндері преферансқа ерекше беріліп кірісіүнің де себебі сол. Ибала-лылар ермек ететін ойынды тезірек менгеріп алмақ. Соңықтан да бүгін Кірпішбайға қыруар акша үтқызғанына өкінген жок [3.122].

Сатирылық кейіпкер жасауда тек басты кейіпкерлер гана емес, эпизодтық бейнелер де өз көрінісін тапты. Мектеп директоры Сасанның орынбасары, окушылар алдында беделсіз Мыңбай бейнесін автор былайша берген. «Бар менесі, кеудесі, бөксесі, аяқтары қакталған қу ағаштан жона салғандай тіп-тік сіресіп қатып қалған. Қанша шан-кылдаپ сөйлесе де жағы қарысып қалғандай ашылмайты. Тістене сөйлейтіні сондықтан. Жан-жағынан жиырылып келіп, бүрісіп біткен аузының төнірегі аяздан келгендей көкпенбек...» [3.137].

Ә. Тарази алғашқы шығармаларында мұнан басқа сері Сұлтан, Қашаубай – Кашка, бұқа көз Абак, Әли Шұбар, үлкенші Тұrap секілді кейіпкерлер де бар. Бірақ бұлар үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған жок. Кейбірі эпизодтық, кейбірі кітаптан-кітапқа көшіп, қоғамымызда бар немесе енді туып келе жатқан келенсіз қылықтардың омірге қанат жаюын бейнелейтін кейіпкер ретінде ғұмыр кешеді. Бұның барлығы да жазушының үлкен сатираға барад алдындағы әзірлігі болатын.

КЕМЕЛДІК КЕЗЕҢІНДЕ

Жазушы 1977 жылы көркемдік қуаты жағынан шығармашылық өнерінің белесі болып табылатын «Бұлтқа салған ұсын» атты романын жарыққа шығарды. Романың оқиғасы Қазақстанның шығысындағы кенді Алтай өнірінде өтеді. Шығарма өзегінде ең алдымен мансапқорлық, өзімшілдік, жалтақтық психологияның адамға тигізер зардалтарын суреткер көзбен әшкерелеу бар. Романың эпилогына орыс әдебиетінің алaby Л.Н.Толстойдың: «...Где выражение зла, которого должно избегать? Где выражение добра, которому должно подражать в этой повести? Кто злодей, кто герой ее?..

...Герой же моей повести, которого я люблю всеми силами души, которого старался воспроизвести во всей красоте его и который всегда был, есть и будет прекрасен – правда», [5.33-бет] – деген сөздерін алуы да жайданжай емес шығар...

Жазушылық өнері «Құйрыкты жұлдыздан» бастау алған Э. Тарази өзінің кейбір түрғыластары секілді қалыңқалың романдар жазуға асықпады, біреудің жылтырағына қызықпады. Өзі өмір сүріп отырған заманын бар сипатын табиғи қалпында суреттей білді. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін сыртқа шығара алды.

Э. Тарази нағыз суреткерлік кемеліне келген кезінде жазылған жаңа шығармасы «**Тасжарған**» романында да жоғарыда көтерілген мәселелерге жанаша қырынан келген. Жазушының бұл романы бес дәптерден, яғни бес бөлімнен тұрады. Оның алғашқы екі дәптері жоғарыда аталған «**Бұлтқа салған ұсын**» деген атпен жарық көрді. Оқырман жұртшылық пен әдеби сын оны өте жылы қабылдады. Автор енді осы кітаптың қалған тарауларын жазып шығып, «**Тасжарған**» деген атпен оқырман қауымға ұсынды. Бұл тарауларда біраз уақыт өмірдін талқысына түсіп, ашысы мен тұшысын татып, өміріне елеулі сабак алған Омардың өз жолын қайта таңқанын, қайта көтерілгенін көреміз. Жазушының ұсынатын мораль.

коркемдік концепциясы – біреу, ол – әділеттің қаскөй дүшпаны тоғышарлықпен күрес.

Романның басты қаһарманы Омар – қалалық атқару комитетінің төрағасы, кеңес басшы қызметкерлерінің жана типі, ғалым, қайраткер. Сол Омар орға жығылғанша өзінің кім екенін, айналасында шашбауын көтеріп жүргендердің кім екенін танымаған еді. Ол өзінің қызметін, өзіне жүктелген міндетті атқаратын жан. Өмірде уайым бар деп ойламаған, бәлендей мұқтажы жоқ-ты, Омардың жаңын ышқындырған, оны жақсылымен де, жаманмен де күрес майданына түсуге мәжбүр еткен – басына түскен ауыр хал.

Омарға тергеуші «баланы мен атқан жоқпын» деген бір ауыз сөз жазып бер деп жалынады. Сөйтсе, бар дау-шар да басылар еді. Бірақ жаратылысында таза Омар ондай жолға бармайды. Өзін-өзі ақтап алуға шамасы келсе де, ол бедел-mansabын пайдаланбайды. «Тексерсін, анықтасын» деп ойлайды. Мұнын өзі шындық үшін қүрестің бір түрі.

Кездесоқ оқиғамен басына іс түскен күннің ертеңі («баланы атып алды» деген жала) оған кейбіреулер қылмыскер ретінде қарайды. Кешегі өзінің орынбасары Аблез, сыралғы досы Мамыржан, бұрын көзге көрінбейтін елеусіз Мәтеков дегендер оның бітпес дүшпандарына айналып кетеді. Аблездің арманы – бастығының крес-лосы. Мәтековтің жаңы жақсы атаулымен әуелден қас. Өзінен басы жоғары, ары таза адамдардың кешіре алмайды. Оның міндеті – қаралау, арыз жазу, жығылған үстіне жұдырық жасау. Әкім бұл романында жекелеген тоғышарлықты сынай да батыл кадамдар жасайды. Басшылық қызметте адамдарды кейіпкер етуден жасқанбай, олардың жан сарайына үніліп, психологиялық терең іздеңістерге баруы құптарлық жай.

Кеңес сатира жанрын зерттеуші Я.Эльсбергтің Гоголь нығармалары хақында: «Типы Гоголя отличались величайшей правдивостью, исторической конкретностью,

художественной наглядностью и убедительностью, обладают с тем настолько широко обобщающим нарицательным значением, что до настоящего времени помогают изобличать пережитки никого в политике, в сознании и быту. Это настоящие «знакомые незнакомцы...» [6.209] деген пікірінің Әкім шығармашылығына катысы бар. Шындығында, «Тасжарған» романындағы Аблез Мәтеков сынды ерекше типтерді былай қойғанның өзінде Мамыржан, Кашафов, Қойкелді, Әли, Жамалладин, Сомжүректер бір-біріне ұқсамайтын типтік характерлер.

Мамыржанның ынжықтығы, жағымпаз-жалтақтығы; Кашафовтың үәдешіл, іс бітірмейтіндігі; Қойкелдінің корқаулығы, адамдар арасына от тастауға шеберлігі. Әлидің дөрекілік, дүниеконыз ішмерездігі; Жамалладиннің жершілдігі, рушыл пасықтығы. Сомжүректің адамды мезі ететін дараптылығы – бәрі де біздің қоғамымызға, моралімізге жат мінез, пиғылдар. Бұлардың барлығы да жағымсыз жандар, бірін-бірі қайталамайтын қимыл-әрекеттің иелері.

Бірақ мұның барлығы да жазушының негізгі идеясын жүзеге асыру үшін алынған. Жазушы жақсылықты да, жамандықты да кейіпкер карекеті арқылы көрсетеді.

«Тасжарған» романындағы негізгі жағымсыз бейне – Аблез Кенжеев. Ол – лауазымды қызметкер. Өртас қалалық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары. Басты қаһарман Омар Берденовпен бірге қызметтес бола жүріп, оның сыйлы да іскер басшылығын көре алмайды. Омардың басына іс түскенде, әлі анық-қанығына жетпей-ақ, оны «орынан түсіріп, тіпті кабинетіне кіріп Омардың орнына отырып алады. Омарға амандасуға да жарамай, көрсе де көрмеген болады. Тіпті көзіне ілгісі келмейтінін қайтерсің?!

Кезінде бұл роман туралы жазушы Қалихан Ыскаков: «Автор қаламына тән тапқырлық – адамдар бойындағы әр килем касиет пен характерді нанымды аша білуінде», – деген еді [7.11].

Әйелі болса, Аблезбен өткен өміріне риза емес, кеткісі, безінгісі келеді. Үнемі балконға шығып, телескоптан жұлдыздарға карайды, басқаша таза өмірді ансайды. Үй шаруасына да еш икемі жоқ, дүкеннен дайын тағамдарды сатып әкеліп ішеді. Осындай ызгарлы жандардың арасында Лена атты жалғыз қыздары өсіп келеді.

Қызына әкелген пальтосын бағасы арзандатылған дүкеннен алуы – Аблездің тағы бір қырын – дүниеконыздығын аша түседі. Аблез бен Рауза жалғызы Лена үйден кетіп қалып келмей қойғанда да көп қинала қоймайды. Тіпті, Аблез: «Қараши, мұның шешуші сәтте өнер шығаруын» деп күйінеді. Оның «шешуші сәті» – Омарлың орны маған тиеді деген сенімді ой.

«...Калалық Кеңес сессиясының басталуына он бес минут қалғанша Аблез өзінің төраға болатынына күмәнданған жоқ. Депуттардың партия мүшелері жеке жиналып, Алексеев Сарымсақов жолдастың атын атағанда санын бір-ак соғып қалған. Сол күні Ленаның жоғалғанына 24 тәулік болған, сессия бітісімен Аблез милинияға қызының ұшты-қүйлі жоқ болғанын мәлімдейді...» [8.215].

Жазушы осылайша Аблезді суреттей, ашы позицияның найдалана отырып, гротескалық бейнеге дейін көтерген. Аблездің әрбір әрекеттерінің өзі қызығылықты, бір жағынан құлкі туғызып отырады.

Мұндағы құлкі, әрине, ызалы, жеркенішті құлкі.

1931 жылы ВЦИК ұйымдастыру бөлімінің жиналысында М.И.Калинин: «Чем значительный слой коммунистов страдает. Основное – это то, что они мыслят формулами. Они стремятся говорить – словами из съезда ЦК или по меньшей мере МК. Это схоластика. А не марксизм... Гораздо легче говорить формулами. Таков человек не сегодня, так завтра от марксизма отойдет» – [9.85], – деген.

Аблез уақыттынысына сай жасалған бейне. Жаңа жағдайға тез бейімделіп, күндіз-түні ойлайтыны халық камы емес, кара басының қамы, мансап бұйырады-ау деген шакта тіпті жоғалған жалғыз қызын да іздемейді, құлкы

кара, пейілі тар, жансебіл жан. Оны кала шаруашылығының өзекті проблемасы толғандырмайды. Кеше ғана күшке түскен мектеп үйі, балабақша салу, көшени қалпына келтіру секілді істерді, арнайы шығарылған қаулыны Омар қызметтен кетісімен-ақ жылы жауып қояды, оған бас ауыртқысы келмейді. Аблездер – жан-жақты дамыған, жана қоғамға беттегенімізде барынша кедергі келтірер, аяққа оратылар қауіпті жандар. Бұлардың ішкі сырын жаркыратып ашу, онайлықпен алдырмайтын құлқын, мінезін тап басып көрсету – суреткерлеріміздің абыройлы борышы болып кала бермек.

Ә. Таразидің осы романындағы Мәтекові де алабөтен жасалған жағымсыз бейне: «Май жағып, жалак ернін жылтыратып қойып, жып-жылмағай болып отырған шегір көз, шикіл сары» жігіттің пысықтығы, тыңғылықтығы, үй шаруасына епсектігі таң қалдырарлықтай, бірақ бұл пысықтық шамалыдан соң басқа арнаға түседі.

«Әйелі кетісімен есікті іштен кілттейді, телефонның құлағын тереді, көзін жұмып тұрып, төрт цифрді алады: бұл жолы іліккен әйел еken, әле-әле деп безектеп тұр. Мәтеков асықпайды, күттіріп барып:

- Алло, сәлеметсіз бе? – дейді. – Бұл сіз бе?
- Иә, мен. Сізге кім керек?
- Сіз керек...
- Қызық еken, сіз деген кім?
- Сіз. Сіздің байыңыз түнде қайда болғанын білесіз бе?
- Бүгінгі іліккен әkkі балық еken.
- Дурак, – деді трубканы тастай беріп...» [8.69].

Аблез Кенжеевке өзінше «мәнді» хабарлар жеткізіп тұрады.

«...Аблез Кенжеевич бұған отыр да демейді, өзі газеттен көзін алмайды да:

- Иә?
- ...Омар шешесіне көмектеспейді...
- Оны мен де білем.
- Соны...

— Менен несін сұрайсың, қолыннан қаламынды ешкім тартып алған жоқ кой.

— Эрине.

— Эрине болса, солай!

— Хош болыңыз...

— Тоқта! Сен анау Ниеталиевті тауып ал, ылбыраған байғұс, арызды да жөндеп жаза алмайтын көрінеді. Ере-гіспен әдейі атты деудің орнына, қайдағы бірденені жа-зыпты. Көмектес соған. Анау бастығы шалықтап жүрген көрінеді ғой, соның орны босайды жақында...

— Тұсіндім.

— Бар, бар!

— Кеттім, кош болыңыз.

— Сыпайысын!..» [8.225].

Көп жағдайда Мәтековтің құлығына құрық бойламайтын іс-әрекеті нысанана алынады. Автор адам бойындағы жамандықты кешіруге болмайтынын сатираптық әдістермен дөп басып, дәл бейнелеген. Сондықтан да мұндағы құлқі – мысқыл мен ызаға толы құлқі. Мәтеков бейнесін жасауда иірімді ирония, ачы сарказмді қолданғаны көзге үрады.

Мәселен, енді Мамыржанның өз «өнеріне» кіріскен сәтін қараңыз: «Мәтеков енді Мамыржанды біржола би-леп алды: Жазатын – Мамыржан, айтатын – Мәтеков, ликтант жаздырған мұғалімдей үй ішін кезіп жүріп сілте-генде Мамыржан әрен үлгеріп отырды.

Арыздары жақсы шықты, оны екеуі де сезіп көнілдері шалқып қалды...» [8.227]. Сөз жоқ, осындай жағымсыз құбылыстармен құресуде сатира мен юморға зор міндеттер жүктеледі. Бұл көп жағдайда жазушы шеберлігіне де байланысты. Сатира теориясын терең игеріп, жанр мен формасын тауып жазған Әкім Тарази жоғары талап үдесінен шыға алғаны анық.

Осы романда Әкім Тарази ұнамсыз бейненің қаны сор-талаған жаңа түрі – Мамыржанды алып келеді. Табанының бүрі жоқ, тайғанак жанды өмірдің қою ііріміне ба-тырып-батырып әлденеше рет сын елегінен өткізеді. Кос